


ОТАН ТАРИХЫ

ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ
HISTORY OF THE HOMELAND



2-3/2003

ОТАН ТАРИХЫ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

2003, № 2-3



ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты.

БАС РЕДАКТОР: М. Қ. Қойгелдиев — Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ: Адамжаров З. А., Асылбеков М. Х., Әбусейітова М. К., Әжіғали С. Е., Байпақов К. М., Гуревич Л. Я., Смағұлов О. С., Қан Г. В., Қошанов А. Қ., Құсайынов А. Қ., Көмеков Б. Е., Мансұров Т. А., Мендіқұлова Г. М., (бас редактордың орынбасары) Нүрпейіс К. Н., Сәрсенбаев А. С., Садықов Т. С., Сыдықов Е. Б.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК МҮШЕЛЕРІ: Ито Шуичи (Кобе университетінің профессоры, Жапония), Абдулқадір Ювалы (Қожа Ахмет Иассауи атындағы Қазақ-Түрік университетінің І вице-президенті, профессор, Түркия), Мырзаханұлы Жақып (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң қоғамдық ғылымдар академиясының вице-президенті, профессор, Қытай), Сахаров А. Н. (Ресей ҒА Ресей тарих институтының директоры, РҒА корреспондент-мүшесі, профессор, Ресей), Кляшторный С. Г. (Санкт-Петербург Мемлекеттік университетінің профессоры, Ресей), Тілеуқұлов Сейдуали (Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық институтының кафедра меңгерушісі, Озбекстан), Фиерман Уильям (Индиана университеті жанындағы Орталық Еуразия зерттеуі жөніндегі Орталықтың директоры, профессор, АҚШ), Плоских В.М. (Қырғыз ҒА академигі, Қырғызстан).

Қазақ тілі бойынша редактор: К. Сариева

Компьютерге беттеген: Л. Садыкова

Редакцияның мекен жайы: Қазақстан Республикасы,
480100, Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28
ҚР БҒМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты
Телефон: 62-16-35

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, № 158-Ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып алғанда, микрофильмге және басқа да көшірмелер түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Журналдың редакциялық алқасының пікірі авторлардың ой-пікірімен сәйкес келе бермеуі мүмкін.

Тірілуге 12.06.2003 ж. берілді. Басуға 20.08.2003 ж. қол қойылды. Көлемі 60x80 1/4. Қағаз офсеттік. "Times Kaz" гарнитурасы. Шартты баспа табағы 12. Таралымы 400 дана. Тапсырыс № 47.

ЖШС "Инжу Маржан полиграфия фирмасы", 480005, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 312.

МАЗМҰНЫ

Тарих ғылымының өзекті мәселелері

Шәлекенов У.Х. Орталық Азия түріктеріндегі құл иеленушілік.
Салықов К. Шоқан Уәлиханов пен Қаныш Сатпаев: қараңғыда жер бетіндегі жарқыраған жұлдыз жарығы.

Ғылыми мақалалар

Ибраев С. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы капиталистік қатынастардың дамуының кейбір мәселелері.

Сақтағанова З. Қазақстан экономикасының индустриалдық секторындағы хрушевтік бастандықтың реформаландырылған күші (1954-1964 жж.).

Ан Р. Қазақстандағы көріс балық аулау колхоздарының тарихы (1938-1970 жж.).

Далабаева Г. Қазіргі замандағы Қазақстандағы ұлттық-мемлекеттік құрылыс: "этнокрафия" қозғалысы (1991-1997 жж.).

Тарихнама және деректер көзі

Мәжитов С. Тұрар Рысқұлов Қазақстандағы халық-азаттық қозғалыстың зерттеушісі.

Қамалов А. Орталық Азия тарихы бойынша жазба деректердің қазіргі замандағы зерттеушісі.

Тарихи деректер

Төлебаева Ж. Камал ад-Дин Абд ар-Раззак Самарқандидің "Матла' са'ддин ва маджма' бахрайи" атты еңбегі Дешті Қыпшақ пен Түркістан тарихының дереккөзі ретінде.

Базылхан Н. Моңғолияның Баян-Өлгий аймағындағы көне түрік бітіктердің жаңаша оқылуы.

Қазақстан зерттеушілерінің еңбектеріндегі әлем тарихы

Телғарин А. Қарағанды Мемлекеттік университетінің әлем тарихы және ұлтаралық қатынастар кафедрасының қызметі.

Буриашев И. Киплингтің өмірі мен қызметі және оның әлем тарихына қосқан үлесі.

Археология және этнография

Тохтабаева Ш. Қазақтардың металл табақшаларда қолданған өрнектердің танымдық мәні.
Ахметжан Қ. Қазақтың дәстүрлі жауынгерлік кесу қаруының типологиясы.

Жас ғалымдардың зерттеулері

Кривков А. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы оппозиция өкілдерінің Оңтүстік Қазақстан қазақтарының жер қатынастарын зерттеуі.

Андреев А. 1880-1917 жж. Қазақстан, Орта Азия және Батыс Сібір аймақтарындағы меннониттер тарихының кейбір мәселелері.

Елғоңдиева С. "БҚП(б) тарихы қысқаша курсының" Қазақстанның тарих ғылымына теориялық идеялық және теориялық ықпалы (1938-1956 жж.).

Сып және библиография

Койгелдиев М. У.Х. Шәлекеновтың "Түріктердің отырықшы өркениеті".— Алматы: Алтын 2002.— 292 б., атты монографиясына пікір.

Меңдіқұлова Г. Қыпшақ жазуының бал-шырыны. А.Н. Гаркавецтің "Қыпшақтың жазу мұрағаты Армян тіліндегі каталог пен тексттер ескерткіштері".— Алматы: Дешт-и-Қыпшақ, 2002.— 100 б. атты кітабы мен А.Н. Гаркавецпен Ф.С. Сапарғалиевтің "Армян-төре бітігінің қыпшақ-полония сөзі және армян-қыпшақ іс жүргізу кодексі 1519-1594".— Алматы, 2003.— 729 б., атты еңбегіне пікір.

Жұмашев Р. Ғылымның із түспеген тың жолы. К. Есімовтың "Қазақстан тарихы деректері" (Қарағанды, 1999 ж.— 190 б.) атты кітабына пікір.

Мерейтойлар

Алдажұманов Қ. Өнегелі өмір (Профессор Төлтай Балақазев 80 жаста).

Н. Базылхан



Моңғолияның Баян-Өлгий аймағындағы көне түрік бітіктердің жаңаша оқылуы

Түрік бітік зерттеу саласында аймақтық зерттеулер әсіресе белгілі бір аймақтарда жаңадан табылып жататын “кіші бітіктер (жазулар)” туралы зерттеулерді жандандыру қажеттілігі бар. Ондай жазулар байырғы түрік бітік болмысының жаңа айғақтары, жаңа деректер болады. Қазір Моңғолияда 50-ден астам “кіші бітіктер” анықталған.

Таңба-әріп	𐰇	𐰈	𐰉	𐰊	𐰋	𐰌	𐰍
Дыбысталуы	Е	М	Р	В	Т	У	Q
Реті	7	6	5	4	3	2	1

Таңба-әріп	𐰎	𐰏	𐰐		𐰑
Дыбысталуы	Q	U	T		B
Реті	1	2	3		1

1. QUT VERME, 2. Q UT, 3. EB

Моңғолия Баян-Өлгий аймағында көне түрік 4 кіші бітік табылып отыр. Бұл жазуларды табуға моңғол ғалымдары Д. Баяр, Д. Эрдэнбаатар, Д. Цэвэндорж көп үлес қосты. Осы көне түрік бітіктер жайында моңғол ғалымы түріктанушы Ц. Баттулга бірнеше мақала жариялады.

Біз 2002 ж. осы аймақтағы байырғы ескерткіштерді зерттеу әсіресе көне түрік дәуіріне қатысты тасмүсін, құлпытас, қорған, балбалдарды анықтау мақсатында жүрген кезімізде бұрын белгілі болмаған бірнеше байырғы қорған мен тасмүсіндерді анықтадық және көне түрік бітік қашалған жаңа жерді таптық.

Енді осы жаңадан тапқан бітік туралы және Баян-Өлгий аймағында соңғы жылдары табылған “кіші жазулар” жайында өз пікірлерімізді ұсынбақпыз.

1. Өртеңбұлақ түрік бітік

Бұл көне түрік бітігі Моңғолия Баян-Өлгий аймағының Ұланкүс сұмыпынан 105 км

солтүстікте Өртеңбұлақ (1) деген жердегі төбешіктің үстінде текшелеу қоныр (2,3 x 2,67 x 3,5 м өлшемді) тұнбатас (сланец)-тан табылды.

Ежелгі дәуірлерге тән жартаc суреттері (таутеке, марал, бұғы, садақты адам, құс, ағаш, қасқыр, жылқы т.б.) қашалған осы тұнбатастың үстіңгі жалпақ жағының сызат түскен батыс жиегінде 7 таңба-әріпті, шығыс жиегінде 3 және 1 таңба-әріптерді үшкір затпен қашап бөдіздеген. Ол таңба-әріптері:

Оқылуы: **1. ҚҰТ БЕРМЕ 2. ҚҰТ 3. ЕБ (ҮЙ)**

Мағынасы: Құт беру, берілген (жер) Құт Үй 1-нші жазудағы 6-нші таңба-әріпті, біз М (ма, ме) түрінде оқыдық (2) және түрік бітік тілінде + рпа, + гпе жұрнақтарымен үйлес мағыналы деп қордік. Мұндай жұрнақтар көне түрік бітік тілінде де мол кездеседі (3). Демек толық нұсқасы QUT BER (+IG+) ME “Құт берме, құт берген, құт берілген”. Қазақ тіліндегі сөзжасамдық өнімді жұрнақ -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе арқылы жасалынған жаз+ба, сыз+ба, тер+ме, бұр+ме, кір+ме, қүй+ма т.б. сөздерімен

тұлғалық, мағыналық жағынан бірдей болып табылады (4).

2-нші жазудың таңба-әріптері солдан оңға тізбектелген және “Құт” деп қашалған. Орхон, Енисей ескерткіштерінде жиі кездесетін “құт” сөзі екі түрлі таңбаланып жазылған және “Qut” (құт) “ырыс, молшылық, береке, бақ, құтты”, “Qutluu” (Құтлұғ) тұлғасында “құты бар, құт қонған, құттың иесі” деген мәнді ұшырасады (5).


3-нші таңба-әріп “ЕБ” (үй) жеке жалғыз қашалған (6).

Түрік дәуірінен бізге жеткен археологиялық табылымдар ішінде қайталанбас жалғыз ғана қола мөрді алғаш рет белгілі алтаңст, түріктанушы Б. Базылхан зерттеп жариялаған (7) еді. Моңғолияның Дорноговь аймағынан табылған өте сирек кездесетін бұл қола мөрдегі “құтлұғ” деген жазуының “құт” таңба-әріптері емделік тұрғыдан Өртеңбұлақ бітігінің “құт” деп таңбалануымен ұқсас болып табылады. Демек

емлелік тұрғыдан бір дәуірге қатысты болып табылмақ.

Өртеңбұлақ жазуын VII ғасырдың соңы деп мерзімдеуге келеді.

Өртеңбұлақ түрік бітігі



Моңғолия, Баян-Өлгий аймағы.
Өртеңбұлақ жайлауы.

(Н. Базылханның фотосуреті, 2002 жылы)

Сөйтіп осымен, Моңғолия Баян-Өлгий аймағында 5-нші түрік бітік жазуы табылып отыр деген сөз. Бұрын мынадай жазулар табылған әрі зерттелген болатын. Олар:

2. “Зүрх уул” (Жүрек тауы) түрік бітік

Бұл жазу Баян-Өлгей аймағының Ногоон нуур сұмынынан 36,5 км-де Зүрх уул (Жүрек тауы) деген таудың жалпақ бетті жартаста қашалған. Таутеке т.б. аңдардың суреттерімен қатар орналасқан. 1989 ж. “Моңғолияның археологиялық картасын” жасау мақсатында далалық зерттеуде жүрген кезінде археолог Д. Баяр, Д. Эрдэнэбаатар тапқан (8) Баян-Өлгей аймағындағы көне түрік дәуіріне қатысты табылған алғашқы жазу болып табылады. Көне түрік бітігі 10 таңба әріпті.



Моңғолиялық ғалым Ц. Баттулга бұл жазуды *Asam ulu bitigim* — “Ұлы бітігім, ес жолдасым” деп оқыды (9).

Біздің пікірімізше “бітігім” емес “бітідім” болу керек. Бұл жерде екі түрлі оқылуы мүмкін: “*Ašam ūk ...bitidim* — Ашам Үк. жаздым” немесе “*Semke ...bitidim* — Семке... жаздым”. Бұл жазуды тағы да зерделеу қажеттілігі бар.

3. “Қара қату” (Эрээн харганат) түрік бітік

Бұл ескерткіш Моңғолия, Баян-Өлгей аймағының орталығы Өлгей қаласынан 15 шақы-

рым, ал Бұғыт сұмыны (ауылы)-нан 9 шақырым шығыс-оңтүстікте Қара қату өзенінің шығыс жағалауындағы “Ит үрген” тауының оң жақ белінде орналасқан.


Көне түрік бітік жазулы тастың биіктігі 2 м 89 см, ені 35-37 см текшелеу қара жарқырақ бұғы тастың оңтүстік бетінің батыс жиегінде жерден 86 см жоғары үшкір затпен қашалып өте айқын жазылған. Осы оңтүстік бетінде түрік бітігі — 14 таңба-әріпті және анық қашалған 6 ру таңбалы. Бұл жазуды 1994 жылы алғаш рет Д. Эрдэнэбаатар жариялап, ғалым Ц. Баттулга “*kunču: eti kekin öse*” — “Ханшаймның еткен кек өші” деп оқып жорамалдаған (10).

Ескерткіштегі көне түрік бітік жазуы біздің эстампажымыз (қағаз көшірме) бойынша мынадай:



Қарақату түрік бітіктасы

Моңғолия, Баян-Өлгий аймағы. Қарақату.
(Н. Базылханның фотосуреті, 1998 жылы)



Оқылуы: *Kunču: atī ūkekün uša*


Мағынасы: Ханша(+ның): аты Үкекүн (ол) ұшты (жайтыс болды)

4. “Кіші Ойғыр” (Бага Ойгор) түрік бітік

Бұл ескерткіш Моңғолия, Баян-Өлгий аймағының Ұлан-құс сұмыны (ауылы) “Кіші ойғыр” деген жердегі жартасқа жазылған. Мұны 1995 ж. Моңғол-Америка-Орыс мемлекеттерінің “Ежелгі Алтай” проектiсi бойынша зерттеу жүргізген экспедиция мүшелері Д. Цэвээндорж, Э. Якобсон, В.Д. Кубарев тапқан (11).

Жалпы бұл жартастарда 10000-ға жуық петроглиф-суреттер бар екені анықталған. Ежелгі петроглиф-суреттері б.з.б. 3-6 мың жылға қатысты екен.

Осы жердегі көне түрік бітігі мынадай:



Оқылуы: *Ap at, ap ton eder egildi*
 Мағынасы: *Ат/+ын да/, тон/+ын да/ қуалап (ала қашып) иілді (жеңілді).*

5. "Ақ шоқы" (Зүүн оройн өвөлжөө) түрік бітік

Бұл түрік бітік жазуы Моңғолия, Баян-Өлгий аймағының Улан-хус сұмыны (ауылы) "Ақ шоқы" (моңғолша: Цагаан салаа) жерінің "Зүүн оройн өвөлжөө" қыстауындағы жартаста жазылған. 1995 жылы Моңғол — Америка — Орыс мемлекеттерінің "Ежелгі Алтай" жобасы бойынша зерттеу жүргізген экспедиция мүшелері Д. Цэвээндорж, Э. Якобсон, В.Д. Кубарев тапқан.



Бұл жазу жөнінде алғашқы хабарды Д. Цэвээндорж, Ц. Баттулга жария етіп: *Өтүнсил туыс /ағайып/ жиен немере ер екі ара (12) деп аударып топшылайды.*

Осы жартаста 19 таңба-өріпті түрік жазуы біздің транскрипциямыз бойынша мынадай: (З-сурет)

Ötün isil el uja jigün čura İkü ara
 Үнемі жылын (жұбан) ел жұрты Йеген Чүр Екү-Ара(+нікі)

Түріктануда көне түрік бітіктердің үлкенді, кішілігіне байланысты "үлкен", "кіші" жазулар деген ғылыми шартты атау бар. Мұнымен қоса зерттеушілер түрік бітіктердің мазмұнын тарихи-өмірбаяндық, эпитафиялық, жартастас, киелі құрылыс орындары, жол жорықтағы естеліктер, заттардағы белгілеулер т.б. түрде

қарастырады. Бұл ретте "кіші" немесе ұсақ жазулардың оқылуы өте күрделі екенін, бірнеше таңба-өріптердің мән-мағынасын анықтау оңайға соқпайтынын түріктанушылар бұрыннан тілге тиек ететін. Дегенмен тарихи-тілдік, этнографиялық т.б. жақтарынан осылай "кіші" бітіктерді үшле зерттегенде олардың үлкенді-кішілігіне қарамастан толық қыр-сыры ашылып айқындалатыны сөзсіз. Бір ғана таңба-өріп немесе бір сөздің өзі көне түрік болмысынан көптеген хабар беретіні де анық.

Баян-Өлгий аймағынан табылған көне түрік бітіктер бұғы таста — 1, түйегаста — 1, жартаста — 2 болып қашалған. Жазудың емделік таңба-өріптері Енисей бітіктерімен ұқсас.

Біз, бұдан былай Баян-Өлгий аймағы, тіпті Моңғолиядан көптеген жаңа жазулар табылады дегенге кәміл сенеміз. Өйткені далалық экспедиция арнайы іздестіру жұмыстары қарқынды жүрілмей бүгінге жеткен әрі оны жандандыруға қазақстандық ғылымдар да ат салысып қазақтың байырғы талмұраларын зерттеуде, жаңа жазуларды табуға, ғылыми олжаларды байытуға көңіл аударатын шақ келді дегіміз келеді.

Н. Базылхан

Новые интерпретации древнетюркских надписей в Баян-Ульгейском аймаке Монголии

В данной статье рассматривается новейшая находка, которая была обнаружена во время полевых исследований в Баян-Ульгейском аймаке Монголии в 2002 г. и названа автором Ортенбулакская надпись.

А также рассматриваются другие ранее (1989-2000 гг.) найденные древнетюркские надписи. Автор дает свою дешифровку и интерпретации этих надписей.

1. Ортенбулакская надпись: открыта автором в 2002 г. и была тщательно исследована местность Ортенбулак в 105 км от Улан-хус сомона Баян-Ульгейского аймака. Древнетюркская надпись состоит из 7 букв-тамги и отдельно написаны были 3 и 1 буквами.

Транскрипция: а) *qut b r m e* — кут берме, б) *qut* — кут, в) *eb* — сб

Перевод: а) Давущий (дарующий) счастье, б) счастье, в) юрта, дом

2. Зурх-улинская надпись: Найдена Д. Баяр, Д. Эрдэнэбаатаром в 1989 г. в 36,5 км от сомона Ногон-нура Баян-Ульгейского аймака. Древнетюркская надпись состоит из 10 букв-тамги.

Транскрипция: *Ašam ük ...bitidim*

Перевод: Ашам ук (я) писал

По Ц. Баттулгу: *Ašam ulu bitigim* — Ашам улу битигим // Великий надпись моя, друг мой

3. Кара-катуская (Эрээн харганатская) надпись: Найдена Д. Эрдэнэбаатаром в 1994 г. в местности Кара-кату в 15 км от сомона Бугат Баян-Ульгейского аймака.

Транскрипция: **Kunūy: atī Ūkekūn uča**

Перевод: Имя принцессы Укукюн, (она) улетела

По Ц. Баттулгу: **kunūy: eti kekin öde //** Принцесса совершила злобу мести, ненависть

4. Киши-ойгорская (Бага Ойгорская) надпись: Найдена Монголо-американско-российскими экспедициями (Д. Цэвэндорж, Э. Якобсон, В.Д. Кубарев) в 1995 г. в местности Киши Ойгыр в 105 км от Улан-хус сомона Баян-Ульгейского аймака.

Транскрипция: **at ap at ton eder egildi**

Перевод: И лошадь, и шубу взял, убежал

По Ц. Баттулгу: **Apa ata ap atun eder ogeledi //** предки узнали свою честь и имя

5. Ак-шокинская (Зүүн оройн оволжонская) надпись: Найдена Монголо-американско-российскими экспедициями (Д. Цэвэндорж, Э. Якобсон, В.Д. Кубарев) в 1995 г. местность Ак-шоки (Зүүн оройн оволжон) 105 км от Улан-хус сомона Баян-Ульгейского аймака.

Транскрипция: **Ötün sil el uja jigin čura iku aга**

Перевод: Народ Йеген-Чур Екура, не печальте

По Ц. Баттулгу: **Ötün sil el uja jigin er iki aга //** Между родственниками сыновей и дочерей ела Отунсила.

В Баян-Ульгейском аймаке найдены древнетюркские надписи: на оленьем камне — 1, на доломитном камне — 1, скалах — 3. Буквенные знаки — тамги схожи со знаками египетского письма. Можно предположить, что письма относятся к 7-9 вв.

Мы уверены, что в дальнейшем в Баян-Ульгейском аймаке, и даже в Монголии могут быть найдены множество новых надписей. Потому что до сегодняшнего дня полевая экспедиция не проводила масштабных специальных поисковых работ. Также хотим сказать, что пришло время и казахстанским ученым принимать участие в активизации работ по поиску достоверных источников, новых надписей и обогащать научные изыскания.

Napil Bazylkhan

New Interpretation of Ancient Turkic Inscriptions Found in Bayan-Ulgey Aimak of Mongolia

The article considers the newest finds revealed during the field explorations in Bayan-Ulgey Aimak of Mongolia in 2002, and called "Ortenbulak inscription" by the author. The author gives his

deciphering and comments to inscriptions discovered in 1998-2000 and related to 7-9 centuries.

1. Ortenbulak inscription was discovered by the author in 2002 in district of Ortenbulak that is in 105 km far from Ulan-kus somon of Bayan-Ulgey where the inscription was thoroughly studied. The ancient Turkic inscription consists of 7 letters and written by separately 3 and 1 letters.

Transcription: a) **qut berme** — ..., b) **qut** — ..., c) **eb** — ...

Translation: (the one who is) Giving (presenting) happiness, b) happiness, c) yurt, house.

2. Zurkh-Uly inscription was discovered by D. Bayar, D. Erdenebaator in 1989 in 36,5 km far from Nogon-nur somon of Bayan-Ulgey aymak. The ancient Turkic inscription comprises 10 letters-tamga.

Transcription: **Ašam ök ...bitidim**

Translation: Asham uk (I) wrote.

According to Tz. Battulga: **Asam ulu bitigim //** the great inscription is mine, my friend

3. Kara-Katuu inscription was discovered by D. Erdenebaator in 1994 in the district Kara-Katu that is 15 km far from Bugat somon of Bayan-Ulgey aymak.

Transcription: **Kunūy: atī Ūkekūn uča**

Translation: the Name of princess Ukukun, (she) flew away

According to Tz. Battulga: **kunūy: eti kekin uče //** the Princess has executed the revenge, hatred

4. Kishi-Oygor inscription was discovered by Mongolian-American-Russian expeditions (D. Tzevendorz, e. Yacobson, V.D. Kubarev) in 1995 in Ak-shoky (Zuun oroin ovolzhoon) that is 105 km far from Ulan-hus somon of Bayan-Ulgey aymak.

Transcription: **at ap at ton eder egildi**

Translation: Both the horse and the fur coat (he) has taken, escaped

According to Tz. Battulga: **Apa ata ap atun eder ogeledi //** The ancestors have found out their honor and name.

5. Ak-Shoki inscription was discovered by Mongolian-American-Russian expeditions

(D. Tzevendorz, E. Yacobson, V. D. Kubarev) in 1995, district Ak-Shoky

(Zuun oroin ovolzhoon) that is 105km far from Ulan-hus somon of Bayan-Ulgey aymak.

Transcription: **Ötün sil uja jigin čura iku ara**

Translation: the People of Yegen-Chur Yekur, do not make sorrow

According to Tz. Battulga: **Otun sil el uja jigin aca era iki ara //** Between the relatives of the sons and the daughters of yel (gender?) Otunsil.

The ancient Turkic inscriptions were found in Bayan-Ulgey Aymak: on the "olen stone" — 1, tomb stone — 1, on the rocks — 3. Letter sign-

tamga is similar to signs of the Jenisian writing. Possible to suppose these inscriptions are regard to 7-9 centuries. We are sure that further the multitude of new inscriptions would be found in Bayan-Ulgey aymak, and even in Mongolia, causing by fast of there was no any field expedition that executed full-sized special explorations We also due to say that the time has become for Kazakhstani scientists to take part in the intensification's of search of truly sources, and new inscriptions to enrich scientific explorations.

¹ Түрік бітік жазуы кашалған осы тұнбатас Өртеңбулакта (Үшбулак яки Сарыбулак, Өртеңбулак, Бағыбулак деген жайлауларындағы) Ойғыр бактың тұрғыны Р. Мұратын қыстауының шығыс солтүстігінде “Ұятас, Керейлер тасы” деп аталатын жартасты жерде орналасқан.

² Дәл осындай “м” таңба-өріптері Енисей ескерткіштерінің Чаа-Қол-9 (Е-21) бітіктасында кездеседі. Қараңыз: — Васильев Д.Д. Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея. — Л., 1983. С. 62.

³ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). — Л., 1980. С. 93, 110.

⁴ Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. — Алматы, 1989. 177 б.

⁵ Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. 2. Ч. 1. — Санкт-Петербург, 1899. — С. 990, 996.

⁶ 1-нші жазуды кашамастан бұрын әуелі 2-нші (күт) және 3-нші (6) жазуды бастаған болу керек деп ойлаймыз. Содан соң 1-нші жазуды (Күт берме) деп толық кашап біткен.

⁷ Базылхан Б. Эртний түрэг бичээстэй мугрын тэмдэг // ШУА-ийн мэдээ.— Улаанбаатар, 1964. № 9, 74-75-р тал.

⁸ Баяр Д. Баруун Монголд шинээр олдсон эртний бичгийн дурсгалууд // Шинжлэх ухаан амьдрал.— Улаанбаатар, 1990 № 6, 37-40-р тал.

⁹ Баттулга Ц. Зүрх уулын бичээс // МУИС, МСДС Эрдэм шинжилгээний бичиг. Боть-7, дэвтэр-5.— Улаанбаатар, 1996. 98-р тал.; Монголын эртний түүх соёлын дурсгал.— Улаанбаатар, 1999. 211-р тал.

¹⁰ Эрдэнэбаатар Д. Монгол нутгаас олдсон эртний бичээсүүд // Ил товчоо сонин № 9, 1994; Баттулга Ц. Эрээн харганатын түрэг бичээс // Археологийн судлал-Studia Archeologica. tomus-XV, fasc. 6. Ulaanbaatar 1995; № 10, 2000, 147-154-р тал. Баттулга Ц. Эрээн харганатын түрэг бичээсийг дахин нягтлах нь // Mongolian Studies, № 10, 2000, 147-154-р тал.

¹¹ Баттулга Ц. Бага Ойгорын эртний түрэг бичээс // Олон улсын харилцааны дээд сургууль. Алтан Аргамж. Vol. 2, 2/1998. 80-83; Mongolias tentative list, cultur and natural heritage UNESCO 1997.

¹² Цэвээндорж Д., Баттулга Ц. Зүүн оройн өвөлжөөний бичээс // Studia Archeologica. tomus — XVII, fasc. 9. Ulaanbaatar, 1997, p. 98-100.